

СТУДЕНТТЕР САПАРЫ

Үздік білім алушылар Мұхтар елінде



Биыл елімізде қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың 125 жылдығы республика деңгейінде атап өтілуде. Маусымның 7-сі күні М.Әуезовтың 125 жылдығын атап өту аясында жоспарланған іс-шараның бірі, Мұхтар Омарханұлының туған жеріне Абай облысына саяхатқа М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің студенттері сапарға шықты.

Сонымен қатар Шымкент қалалық мәслихатының депутаты Қуандық Сұлтанғали Нұрлыбайұлы арнайы келіп, саяхатқа шыққан студенттерге сәт сапар тіледі. Бұл саяхатқа баратын оқуда озат, спорт пен мәдениетте жетістікке жеткен және университет пен Шымкент қаласының қоғамдық өміріне белсене қатысқан 50 студент іріктеліп алынған болатын. Аталған іссапарды оқу орнының басқарма мүшесі, әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Сармурзин Ербол Жаңбырбайұлы бастап шықты. Сонымен қатар делегация құрамында «Мұхтартану» ғылыми орталығының қызметкерлері Ақжол Қалшабек пен Әзімхан Исабек те бар. Қауіпсіздік шараларын сақтау мақсатында саяхаттың басталғаннан аяқталғанына дейін Шымкент қалалық ішкі істер департаментінің қызметкерлері қадағалап, бастап жүретін болады.

Саяхат маусымның 7-сі күні басталып, маусымның 15-і күні Шымқа-



лаға оралады деп күтілуде. Саяхат барысында студенттер Тараз, Балқаш, Қарағанды, Қарқаралы, Семей, Абай ауданын аралап, Аягөз қаласына ат басын тірейді. Қайтар жолда Талдықорған, Қонаев, Алматы қалаларында болып, мұражайлармен танысады. Сапардың

мақсаты: Қазақтың заңғар жазушысы М.Әуезовтың шығармашылығы мен өміріне деген қызығушылықты арттыру; Қазақ мәдениеті мен тарихын насихаттау; Студенттердің бойында патриоттық сезімді қалыптастыру; студенттерді Қазақстанның киелі жерлерімен таныстыру; Жыл бойы жақсы нәтижеге қол жеткізген студенттерді ынталандыру. Экспедиция мүшелерінің Абай облысына сапарының алғашқы күні Шымкент қаласынан 170 шақырым жердегі киелі Әулие ата жерінен басталды.

Мұнда экспедиция мүшелері «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығының тарихи нысандарына кіретін «Қарахан кесенесі», «Айша бибі» кесенесі, «Көне Тараз» археологиялық паркі мен М.Х. Дулати атындағы Тараз Университетін аралады. Арнайы гидтер әр тарихи нысанмен жете таныстырды. Сонымен қатар кезінде М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма Төрағасы – Ректор Дария Пернешқызының бастамасымен ашылған Ж.Баласағұн атындағы музеймен танысып, көшқұрым Тектұрмас баба тарихи көшенінде болды. Өріптестерімізге ыстық қабылдау үшін, шексіз алғысымызды білдіреміз!

Сапардың басталған күнінен аяқталғанға дейін әр аумақтың Полиция департаменті қызметкерлері бастап алып жүреді. Студенттер келесі елдімекен – Балқаш қаласына тоқтап, түсік ас ішіп болған соң саяхаттарын жалғастырып, Қарағанды қаласына бет алды. Ал маусымның 8-і күні, жоспар бойынша, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетімен танысудан бастады. Студенттерді оқу орнының әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры М.Сыздықов қарсы алып, оқу орнының «Жастар» студенттер үйімен, спорттық нысандармен, «Жастар» орталығымен, Студенттер сарайымен таныстырды.


Аяулым Лесбаева, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 2-курс студенті: «Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті қатты ұнап жатыр. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша күзде бір семестр осы жақта журналистика мамандығында оқуды жоспарлап отырмын. Бұл университеттің бір ерекшелігі – түлектерінің ауызбіршілігі мығым екен. Елдің ыстық ықыласына бөленіп жүрген Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов те осы жерде білім алыпты. Бұл бізге ерекше әсер сыйлауда. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің іші сондай жанға жайлы. Жан дүниенді жайландырар ерекше аурасы бар. Бір дем алып қалдық».


«Мұхтартану» ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері қазақтың қос алыбы Абай мен Мұхтар жайлы жазылған кітаптарды Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне тарту етті. Өріптестерімізге ыстық ықыластары мен жылы қабылдаулары үшін шексіз алғыс білдіреміз. Бөкетов университетіндегі сапарын аяқтаған жастар әрі қарай Долинка кентіндегі ҚарЛАГ «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау» музейін аралап, 15 метр тереңдікте орналасқан көмір шахтасының музейін тамашалады. Лев Гумилевтің, Қайым Мұхаммедхановтың ҚарЛАГ лагерінде тұтқында болғанын естіген жастар ерекше әсер алды.

Студенттер ҚарЛАГпен танысу арқылы қазақ тарихына қара таңба қалдырған зобалаң жылдардың зардаптарын өз көзімен көргендей, қолмен ұстағандай әсер алды. Сұсты ғимараттың қабырғаларында әлі күнге дейін сол нәубетті жылдардың белгілері сақталып қалғандай, музей ауласындағы ескерткіштер өткеннен сыр шертіп тұрғандай көрінеді. Бір сөзбен айтқанда бұл ғимарат студенттерді ХХ ғасырдың тұманды өлеміне жетеледі. Қарағанды экскурсиясының есте қаларлық іс-шарасының бірі – шахта тынысымен танысу. Ең әуелі, студенттер Қарағанды көмір бассейнінің қалыптасу тарихымен танысты. Музей қызметкерлері Қарағанды көмір көшенін алғаш ашушы Аппақ Байжанов туралы әңгімелеп, қазіргі қолданыстағы шахталармен, жабылып қалған және келешекте ашылуы мүмкін шахталар тізімімен танысты.

Студенттер 15 метрлік тереңдікке түсіп, көмірді өндіру процесімен танысты. Шахтерлердің арнайы киімін киіп, техникалық қауіпсіздік ережелерімен танысты. Қарағанды тау-кен индустриялық колледжі

Басқарма Төрағасы – Ректор Дария Пернешқызы Қожамжарова саяхатқа шыққан студенттерге арнаған өз сөзінде: «Семей жері – киелі мекен. Кезінде Алаштың астанасы да болды. Ол топырақтан Абай, Шәкәрім, Мұхтар сияқты қазақтың алып тұлғалары түлеп ұшты. «Тұлпар аунаған жерде түк қалады» дейді қазақ. Абайдың, Мұхтардың, басқа да Алаш арыстарының жүріп өткен жерлерін, қазақтың рухани астанасына сіздердің барып, өз көздеріңізбен көргендеріңіз – мен үшін қуаныш. Студенттік кез – өте тамаша шақ. Қызығы мол кез. Осы уақытта достарыңызбен бірге алыс сапар шегу де бір – ганибет. Шыны керек, сіздерге қатты қызығып тұрмын. Тамаша әсермен, күшті естелікпен, әстен кетпес сезіммен оралуға тілектеспін. Ақ жол!», – деп тілек білдірді.





жанынан шахта музей 2017 жылы ашылған екен. Оның ашылуына қазіргі Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың мұрындық болғаны айтылды. Студенттер естелік суретке түсіп, өз есерлерімен елеуметтік желіде жарыса бөлісті. Студенттердің алған есерлерін жеткізу мүмкін емес! Саяхат Қарағанды қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 200 км жерде орналасқан Қарқаралы қаласында жалғасты. Экскурсия мүшелерін Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары Сайлау Әлиұлы бастаған бір топ жастар күтіп алды. Арқаның алтын тәжі – Қарқаралы жерінде Қарқабат ана ескерткішінің алдында Сайлау Әлиұлы студенттерді өлкенің тарихымен таныстырды.

Қасиетті Қарқаралы – күйші Тәттімбеттің, әнші Мәдидің, Кеңес Одағының батыры, ұшқыш Нүркен Әбдіровтың, дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың, әл-Фарабиді қазақ екенін дәлелдеген ғұлама ғалым Ақжан әл-Машанидің, тұңғыш ғарышкер Тоқтар Әубәкіровтың, қазақтың тұңғыш математигі Әлімхан Ермековтың елі. Бұл өлкеде қазақ даласының алғашқы сауда мәдениетін қалыптастырған Қоянды жәрмеңкесі мен тарихи маңызы зор Қарқаралы петициясы жазылған. Экскурсия мүшелері ары қарай қаланың көрікті жерлерін аралап, тарихымен тереңірек танысты. Енді жоспар бойынша Қарқаралы қаласына барып, Құнанбай мешітін, Абай үйін аралап, Қарқаралы тауына шығу. Екі жүз жылдық тарихы бар Қарқаралы – ешбір қалаға ұқсамайтын, өзіндік кескін-келбеті, сәулеттік өзгешелігі, бай тарихы бар өңір. Бір қаланың өзі – мыңдаған туристерге жәдігерін ұсына алатын экспонатты көп орталық екен.

Қарқаралы тарихы, ұлы қазақ ағартушысы, ақын-аудармашы, композитор Абай Құнанбаевтың атымен тығыз байланысты. Оның Қарқаралы округінің аға сұлтаны болған әкесі Құнанбай қажы мұсылман мешітін салу және қайырымдылық қызметін атқару арқылы өз



есімін тарихта ұзаққа қалдырды. 1849-1852 жылдары Қарқаралы округіне аға сұлтан болған Құнанбай құрылыс жүргізу ісін өз қолына алып, тыңғылықты аяқтағандықтан – мешіт халық арасында Құнанбай мешіті аталып кеткен екен. Кейінірек мешіт жанынан медресе шәкірттер үшін жатақ, молдалар үйі бой көтереді. Құнанбай мешіті Қарқаралы округіндегі ислам дінін уағыздауға, балалардың қара танып, сауат ашуына көп қызмет еткен. Қазіргі таңда мешіт мемлекет қарамағында қорғалып, тарихи орынға айналған. Экспедиция мүшелері маусымның 11-і күні қасиетті Қарқаралы өлінен Ертіс бойында орналасқан әсем қала Семейге келіп жетті.

Семей – ұлылар туған өлке, қасиетті топырақ. Бұл жерде туып өсіп, суын ішіп, топырағын басқандар тегін адам болмас. Абай, Шәкәрім, Мұхтар сияқты тау тұлғалы адамдарды дүниеге алып келген мекен. Семейдің әйгілі көпірімен өтіп, қасиетті Жидебай жеріне жол тартты. Жол бойы «Абай жолы» романында суреттелген табиғатқа, таулар мен қырларға, жазық далаға студенттер тамсана тамашалады. Экскурсия мүшесі, Мұхтартану ғылыми зерттеу орта-

лығының жетекшісі Ақжол Қалшабек пен шәкірті Әзімхан Исабектен Абай мен Мұхтар өмірі жайлы тың әрі қызықты деректерді айтып, Еңлік-Кебек кесенесіне қалай жеткенін де байқамай қалды.

Еңлік-Кебек – махаббат жолында құрбан болған ғашықтар. Бұл махаббат оқиғасы Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» дастанына, қазақтың тұңғыш пьесасына арқау болған. Еңлік-Кебек ескерткіші бүгінде махаббат мұнарасына айналған. Ескерткіш Ералы жайлауының шығыс жағында, Қарауыл тас жолының бойында орналасқан. «Еңлік-Кебек» ескерткішінен оң жаққа көз салсаңыз, ақшаңқан қос күмбез көрінеді. Биікке, көгілдір аспанның шыңырау көгіне ұмтылған бұл күмбездер адам рухының өршіл күш-қуатын көрсеткендей. Бұл – «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешені. Кесенелердің келбеті мұнара тәрізді, бір-бірінен пластикалық қасбетімен және күмбездерінің пішінімен ерекшеленеді. Абай мұнарасының биіктігі 32,5 метр, ал Шәкәрім мұнарасының биіктігі 31,5 метр. «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешені – әлемде үлкендігі жағынан бірінші орында тұрған алып космостық құрылыс. Өйткені, жер бетінде мұның ауқымындағы ес-

керткіш-зират жоқ екен.


Сапардың ең ерекше бөлігі – Жидебай жеріндегі Абай атамыздың тұрған үйі. Бүгінгі таңда музей ретінде мемлекет қорғауына алынған бұл үйде ақын өмірінің соңғы кезеңдерін өткізген екен. Жас Абайдың бал дәурен, балалық шағы да осы Жидебай мен көз ұшында сағымдай көлкіген Көлқайнар көлі, Бауыр қорығында өткен. Бұл жерді ұлы шешесі Зере мен өз анасы Ұлжан ауылы жайлаған. Шөбі шүйгін, суы мол, малға жайлы Жидебай жері – жаз жайлауға оңай шығуға, қиналмай жетуге қолайлы қоныс болған. Экскурсия мүшелері Жидебай өлкесін аралап, Абай, Шәкәрім рухына зиярат етіп қайтты. Қарқаралы сілеміндегі көлдер мен өзендер, таулар мен қайыңды-қарағайлы, қатпарлы ормандар ерекше сұлулығымен көз тартады. Экскурсия мүшелерінің келесі аялдамасы – Шайтанкөл көлі болды.

Шайтанкөл – Қарқаралы қаласының оңтүстік-батысында 5 км жерде, Қарқаралы тауының теңіз деңгейінен 1200 м биіктігінде орналасқан. Бұл көл өзінің ерекше құбылысы мен сыры арқылы ерекшеленеді. Көлдің шың басында орналасуының өзі – табиғаттың құдіреттілігі. Саяхатшы студенттер

Қарқаралы тауының табиғатымен танысып, Шайтанкөлдің құпиясын ашуға тырысты. Қарқаралы өлкесі студенттер үшін әсем табиғатымен ерекше әсер қалдырды.

Келесі кезекте экспедиция мүшелері Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу Университетіне барады. Сонымен қатар Алматыдағы Мұхтар Әуезовтың әдеби-мемориалдық мұражай-үйін, Д.Қонаевтың мұражай-үйін аралап, Ұлттық Ғылым академиясының жұмысымен және Сәтбаев Университетімен танысады. Ғылым ордасына қарасты Палеонтологиялық зерттеулердің негізіне айналған Табиғат музейін, Археология музейін, Сирек кездесетін кітаптар музейін, Қазақстан ғылымының тарихы мұражайын және Академик Қ.Сәтбаевтың кабинетін аралайды. Сапардың соңғы күнінде студенттер Қаскелең қаласында орналасқан Сулейман Демирель Университетіне барып, профессор-оқытушы құрамымен кездеседі. Бас-аяғы 50 студент 10 күннің ішінде 5 облыс, 10 елді мекен, 30-дан астам тарихи-мәдени нысанды аралап, 7 университет жұмысымен танысып, 4000 км жерді өңсереді.

МАРШРУТ КАРТА



Садыбек БЕЙСЕНБАЕВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
Қоғаммен байланыс және
мәдениет жөніндегі
проректор

